

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Иргизбаева Қ.Б.**

Ғылымның өсіп-өркендеуі елеулі техникалық прогреске жол ашып отырған жағдайда оқу-тәрбие жұмысында жақсы табыстарға жету үшін ғылыми-техникалық жетістіктерді оқыту процесінде кеңінен пайдалану керек.

Қазақ тілін оқыту процесін жеделдету мен жетілдіру үшін сабақта техникалық құралдарды қолданудың маңызы өте зор:

- Техникалық құралдар студенттердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалды жақсы меңгеруіне, оны интенсивті түрде бекітуіне көмектеседі.

- Техникалық құралдар оқытушыға оқу-тәрбие процесін өмір шындығына жанастыруға мүмкіндік береді.

- Сабақта техникалық құралдарды қолдану оқу сапасын жоғарылатады, студенттердің қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттырады, сөйтіп сабақтың тиімділігін арттырады.

- Техникалық құралдарды қолдану нәтижесінде студенттер өздері меңгерген фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдар бойынша өз ойларын айтып жеткізе алуға дағдыланады.

- Техникалық құралдарды тыңдап түсінуде кездесетін қиындықтарды жеңуге, оқушылардың бойында тыңдап-түсіну іскерлігі мен дағдыларды қалыптастыруға үлкен көмек береді.

Қазіргі заманға сай түрлері: магнитофон, видеомагнитофон, теледидар және компьютер.

Техникалық құралдарды оқытушы тарапынан орынды қолдана білу студенттің тілдік және есту жолдарын белсендендіре түседі және де олардың талапқа сай сөйлей білулеріне бағыт береді.

Әсіресе қазақ тілдерін оқытуда техникалық құралдарды кең түрде қолдана білу студенттердің сөйлей білу мүмкіндіктеріне жол ашады.

Осы аталып өткен техникалық құралдар мынадай жұмыс түрлерінде пайдаланылады: дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету, студенттердің сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлей білуге жаттықтыру, өлеңдер мен әндерді жаттату, мәтіндер мен диалогтарды тыңдату, классикалық және қазіргі кездегі музыка өнерлерінің

магнитофондық жазуларын тыңдату, сөз шеберлігі аса белгілі артистердің орындауындағы мәтіндерді, поэтикалық шығармаларды тыңдату және т.б.

Осындай жұмыс түрлері студенттердің өздігінен білім алуына көмектеседі. Техникалық құралдар мынадай мақсаттарда қолданылады: күйтабаққа жазылған тексті қара сөзге айналдыру, диктор тарапынан оқыған текске не сөйлемге сұрақ қою, белгілі бір тақырыпқа жазылған тексті магнитофон арқылы тыңдатып, оған жоспар құрғыза отырып, мазмұндама, шығарма, диктант жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ шығарманың тіл ерекшелігін таныту, идеялық мәнін, мазмұнын ашу мақсатында үлгілі текстерді, көркем шығарма үзінділерін тыңдату арқылы тіл дамыту жұмысын ұйымдастыру өте пайдалы.

Сонымен, қазақ тілдерін оқыту барысында техникалық құралдар аса қажет және олар қазақ тілдерін оқытуда оқытушының негізгі көмекшісі болып табылады. Сондықтан қазақ тілін оқытуда техникалық құралдар кеңінен қолданылуға тиіс.

Қазақ тілін оқытуда бұрыннан келе жатқан және заманымызға сай техникалық құралдар екі топқа бөлінеді:

1. Аудитивтік құралдар (яғни сөзді жазып алып, оны қайтадан айтып беретін құралдар).

2. Визуалдық құралдар.

Сондай-ақ осы екі түрімен қатар, біріктіре қолданылатын аудиовизуалдық деп аталатын құралдар.

Техникалық құралдардың бірінші тобына күйтабақ айтқыштың орнына қазіргі кезімізде магнитофон, бейнежазба магнитофондары кіреді. Бұл құралдарды аудитивтік деп атау себебі: олардың көмегімен студенттер қазақ тілінде магнитофон таспасына жазылып алынған сөздерді тыңдайды.

Ал, екінші топқа бұрыннан келе жатқан проекторлар (диапроекторлар, кинопроект, эпиодиаскоп) деген түрлердің орнына заманға сай құралдар теледидар, түрлі-түсті теледидар және компьютер елеулі орын алады. Бұл құралдардың көмегімен оқытушы әр түрлі және

керекті тақырыптарға байланысты фильмдерді көрсете алады.

Осы атап өткен техникалық құралдардың көмегімен ғасырлар бойы өз заманына сай құралдармен білім жолында жүрген оқытушылар тіл материалдарын түсіндіруге, оны бекітуге, сондай-ақ сөз іскерліктері мен дағдыларын дамытып келе жатыр.

Техникалық құралдар фонетикалық дағдыларды дамытуға студенттер мен оқытушыға үлкен көмек көрсетеді. Мұнда негізінен бұрын күйтабақ ойнатқыш, қазір магнитофон қолданылады. Осы құралдардан студенттер қазақ тілінде диктордың үлгілі сөзін тыңдап, дыбыстардың қалай айтылатынын, сөздердің екпінін, сөйлемдердің ырғағын естиді де, оған еліктеу арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздердің екпінін дұрыс қоюға, сөйлемдерде дауыс ырғаған, интонациясын бұлжытпай айтуға дағдыланады. Фонетикалық дағдаларды қалыптастыру үшін магнитофон өте тиімді құрал болып табылады. Өйткені магнитофонға оқытушы өзі жаза алады, мұнда әр дыбыстан, сөзден кейін үзіліс жасауға мүмкіндік бар. Сөз шапшандығын да оқытушы өз студенттерінің шама-шарқына мөлшерлеп өзгертіп отырады.

Магнитофонның көмегімен фонетикалық дағдыларды қалыптастырғанда, оқытушы таспаға жеке-жеке дыбыстардың арасына үзіліс қалдыра отырып жазады. Сондай-ақ құрамында жаттықтырылуға тиісті дыбыстар бар сөздер мен сөйлемдерді де үзілістеп жазып алады. Студенттер әуелі жеке дыбыстарды тыңдап, арасындағы үзілісте сол дыбыстарды дұрыс айтып жаттығады. Кейін сөздер мен сөйлемдерді тыңдап, үзілісте оларды қайталап айтады. Сөйтіп, студенттер жеке дыбыстардың айтылуын ғана емес, сөздердің айтылуын, дауыс екпінін, сөйлемдердің интонациясын меңгеріп алады. Магнитофон әсіресе қазақ тіліндегі тақпақтар мен өлеңдерді үйренуде үлкен көмек береді.

Оқу техникасын дамытуда да магнитофон студенттер мен оқытушыларға көп көмектеседі. Мәтінді дауыстап оқу студенттерге, әсіресе оқытудың алғашқы сатысында көп қиындықтар тигізетіні белгілі. Осы қиындықтарды жою үшін оқытушы оқуға тиісті мәтінді магнитофонға жазып алады. Оны әуелі үзіліссіз, кейін үзіліс жасай отырып жазады. Студенттер алдымен үзіліссіз жазылған мәтінді тыңдап, осы мәтінді қалай оқу керектігі туралы хабардар алады. Содан оқытушы сол мә-

тінді үзіліспен тыңдатады. Әр сөйлемнен кейінгі үзілісте студент сол сөйлемді оқиды. Үзілісте әр дыбыстың, сөздің айтылуын, сөйлемнің дауыс ырғағын дикторға еліктеп оқу нәтижесінде студенттер мәтіндегі әр сөйлемді дұрыс оқуға дағдыланумен қатар, оларды тиісті шапшандықпен оқуға үйретеді. Бұдан кейін студенттер мәтінді қайтадан үзіліссіз тыңдай отырып, дикторға ілесе оқиды. Сөйтіп, олар бүкіл мәтінді дұрыс әрі тез оқуға үйренеді. Осылай оқу техникасы дамытылады.

Техникалық құралдар лексикалық материалды меңгеруде де өз көмегін көрсетеді. Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру үшін визуалдық құралдарды пайдалана отырып, түсіндірілетін сөздің мағынасын білдіретін заттардың суреттері көрсетіледі. Сондай-ақ әр түрлі кимылдарды сурет, теледидар, бейнежазба арқылы көрсетіп, етістіктердің мағыналарын түсіндіреді. Визуалдық құралдардың көмегімен шылаулардың мағынасын кестелер арқылы түсіндіруге болады.

Сөйтіп, сөздердің мағыналарын ашуда техникалық құралдар пайдаланылады. Оларды жаңа сөзді бекіту үшін де қолдану керек. Әр түрлі заттардың суреттерін теледидардан, бейнежазбадан көрсете отырып, мұғалім түрлі сұрақтар қояды. Студенттер оқытушылардың сұрақтарына жауап беру барысында жаңа сөздерді қолданады.

Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіргеннен кейін олардың қолданылуын автоматтандыру үшін магнитофонды қолданып, алмастыру жаттығуларын орындауға болады. Мысалы: Мен қазір мәтінмен жұмыс жасап жатырмын. Ал сенің досың не істеп жатыр? – Ол кітап оқып отыр.

Техникалық құралдар грамматиканы меңгеруде де пайдалы қызмет атқарады. Мысалы, магнитофонның көмегімен лексикалық және грамматикалық материалды бекіту үшін мынадай жаттығулар жасауға болады: еліктеуіш жаттығулар, орын алмастыру жаттығулары, сұрақ-жауап және трансформациялық жаттығулар.

❖ Еліктеуіш жаттығулар деп мынадай жаттығуларды айтамыз: оқытушы автоматтандыруға тиісті тіл құбылысын (дыбысты, сөзді, үлгі сөйлемді) магнитофонға қосып, таспаға жазылған сөздерді естіртеді, ал студенттер мұғалімге еліктеп, сол құбылысты өзгеріссіз қайталайды. Мысалы: Марат мұражайға кетті. Айжан да мұражайға кетті.

❖ Алмастыру жаттығуларында мұғалім белгілі бір үлгі сөйлем береді де, сол сөйлемнің элементін басқа элементпен сәйкес алмастыруын талап етеді. Мысалы: 1. Марат хат жазып отыр. Ал оның досы не істеп отыр? – Оның досы кітап оқып отыр. 2. Айжан киноға кетті. Ал сен ше? – Мен өлең жаттап отырмын.

❖ Сұрақ-жауап жаттығулары берілген лексикалық немесе грамматикалық құбылыстардың қолданылуын автоматтандыруға бағытталған. «Студенттер, берілген сұрақтарға жауап беріңдер!» деген нұсқаудан кейін, магнитофоннан сұрақтарды тыңдайды да, арасындағы үзілісте сол сұрақтарға жауап береді. Бұл жаттығулар студенттерді диалог түрінде сөйлеуге дағдыландырады. Мысалы: Сен бүгін кітаптың мазмұнын айтып бересің. – Сен бүгін не істейсің? – Мен бүгін өлеңді жатқа айтамын. Ал сен не істейсің?

❖ Трансформациялық жаттығулар дегеніміз – берілген үлгі-сөйлемнің кейбір элементтерін өзгертіп, сөйлемді басқаша айту. Мысалы, оқытушы өткен шақ формасын бекітпек. Ол үшін студенттер магнитофоннан мынадай тапсырма тыңдайды: аталған іс-әрекетті орындап қойғаныңды айт. Мысалы: Маәрат жаттығуды орындап отыр. – Мен жаттығуды орындағанмын.

Міне, осындай жаттығуларды магнитофонның көмегімен орындау нәтижесінде студенттер тиісті лексикалық, грамматикалық, құбылыстардың қолданылуын қалыптастырады.

Техникалық құралдар тіл материалдарының қолданылуын қалыптастырумен қатар, сөз іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырып, оларды дамытуға көп септігін тигізеді, яғни тыңдап-түсіну, монолог және диалог түрінде сөйлеу, оқу және жазу іскерліктерін техникалық құралдар көмегімен қалыптастырып, дамытуға болады.

**Тыңдап-түсіну іскерлігін** қалыптастыру барысында біраз қиындықтар болады. Олар сөзді тыңдау үстінде сөйлеушіні көрмегендіктен, сөздің нағыз коммуникация процесінде қайталанбайтындығына, шапшаңдығына, әр сөйлеушінің өзіне тән сөйлеу ерекшеліктері, дауыс ерекшеліктері болуына байланысты туындайды. Бұл аталған қиындықтарды жеңуде оқытушы мен студенттерге магнитофон және бейнежазба магнитофоны зор көмек көрсетеді. Бұл құралдардан студенттер баяулатыл-

маған нормалы темппен айтылған сөзді тыңдап дағдыланады, әр түрлі сөйлеушілердің дауыстарын естіп үйренеді. Осы техникалық құралдар арқылы оқушылар дыбысталуы ұқсас сөздер мен омонимдерді тыңдап, ажыратуға дағдыланады.

Жоғарыда атап өтілген техникалық құралдар оқушылардың аудитивтік іскерлігін дамытады. Студенттер белгілі бір мәтінді тыңдап отырғанда, ал оны көріп отырған кезде, әрине айырмашылығы болады: студенттер тыңдап отырған мәтіннің мазмұнын әлдеқайда жеңіл түсінеді.

Техникалық құралдар студенттердің сөйлеу іскерлігін дамыту үшін қолданылады. Мысалы, магнитофонның көмегімен сөйлеу іскерлігін дамыту үшін мынадай жұмыстар атқарылады:

▪ Студенттер магнитофоннан бір әңгімені, содан соң магнитофоннан сол мәтіннің мазмұнына қойылған сұрақтарды тыңдайды. Әр сұрақтан кейінгі үзілісте студент сұраққа жауап беруге тиіс.

▪ Студенттер магнитофоннан бір диалогтың немесе әңгіменің басын тыңдайды да, оны өздері әрі қарай жалғастырады.

▪ Магнитофоннан студенттер сөйлеуге әр түрлі жағдай алады да, сол бойынша сөйлейді.

Сөйлеу іскерлігі мен дағдыларын дамытуға магнитофоннан басқа қазіргі заманда ең тиімдісі және заманға сай түрі және де «әлемдегі ең сауатты кім?» деген сұрақ қойылса, «компьютер» деп жауап беруге болады.

Сонымен, техникалық құралдардың осы түрі арқылы көптеген жаттығулар да жасауға болады:

Компьютер арқылы сөйлесу, сұхбаттасу. Бұл түрі бірнеше режимде беріледі: диалогтың бір бөлігі оқылады (оны оқушы жалғастыру керек), микрофон арқылы өз дауысыңды жазуға болады, жазылған дауысты қайта естіп, тексеруге, жөндеуге болады.

Көп нүктенің орнына керекті сөзді қою. Бұл жаттығудың сөйлемде жетпей тұрған сөзді қою керек. Жауаптардың варианттары келесі жақта екінші бағанда берілген. Олар мәтін сияқты 5 вариант беріледі. Егер жауап дұрыс болмаған жағдайда, «қате», «болмайды», «дұрыс емес» деп жауап береді, ал жауап дұрыс болған жағдайда «жарайды», «дұрыс» деп мәтін құралып, сөйлем тегіс оқылады.

Сөйлемдер құрыңыз. Бұл жаттығу түрінде 3 сөйлем жеке-жеке сөздерге бөлініп, ретсіз орналастырылған. Ол сөздерді дұрыс тәртіпке келтіру керек. Сөздерді дұрыс орналастырған жағдайда, сөйлем толық оқылады.

Әңгіме құрыңыз. Жаттығудың бұл түрінде көп нүктенің орнына қойылған сұраққа қарай дұрыс жауап беру керек. Сол жақ бағанада екі бұрыс және бір дұрыс жауап беріледі. Дұрыс жауап табылған жағдайда сөйлем түгелдей дауыстап оқылады.

Өзіңіз туралы әңгімелеңіз. Бұл жаттығуда сабақтың тақырыбы төңірегінде әңгімелеу керек болады. Әңгімені тыңдап, оны микрофоннан жазуға және оны студенттің дауысымен салыстырып, тексеруге болады.

Қазақ тілін компьютер арқылы оқыту бағдарламасының ең басты белгілерімен ерекшеліктері төмендегідей болып келеді:

Оқытудың техникалық құралдары санатында өзіндік орны бар жүйе болып табылады.

Дидактикалық нысандарға сәйкес келеді (қарапайымнан күрделіге қарай, объективті фактордан субъективтік факторға қарай, тіл үйренушінің таңдау мүмкіндігіне негізделген).

Теория мен практиканы тең ескеріп, қамтып отырады. Соның нәтижесінде тілдік және сөйлеу қабілеттерінің қалыптасуына негіз салынады.

Тілдің барлық негіздері қамтылады: есту, сөйлеу, оқу, грамматикалық, лексикалық, фонетикалық бөлімдер.

Барлық қабылдау жолдары толық қамтылады (есту, көру т.б).

Тіл үйрету және бақылау, қадағалау қызметтері қамтылады.

Осы турасындағы болашақта істелуге тиісті ғылыми-практикалық жұмыстар мен мақсат-міндеттер туралы 1998 жылы 5 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығында арнайы айтылған:

Тілді оқу орындарында оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту. Тілдерді оқытудың төлғума бағдарламалары мен жаңа технологияларын әзірлеу. Оқу орындарында қажетті техникалық құралдармен жабдықталған лингафондық және компьютерлік тіл кабинеттерін ашу. Оларды оқулықтармен, оқу материалдарымен және әдістемелік әдебиеттермен жабдықтау.

Тілдерді оқытудың жаңа технологиясы мен озық практикасын қорыту және тарату.

Мемлекеттік тілді қазіргі заманғы техника тіліне «компьютер, сканер, спутниктік байланыс) көшіру бағдарламаларын жасау.

Қазақ тілінің компьютерлік сөздік қорын құру. Осы жарлықта көрсетілген міндет-мақсаттар елімізде жылдан-жылға біртіндеп іске асырылып келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 мамыр.

2 Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: Контекстный подход: Методическое пособие. – М.: Высшая школа.

3 Қазақ тілі: Әдістеме // Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2008. – № 4.

4 Қазақ тілі: Әдістеме // Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2008. – № 5.

5 Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: «Просвещение», 1991.

#### Түйін

*В статье рассматриваются оптимальные возможности использования технических средств при обучении казахскому языку.*

#### Conclusion

*The author of the article considers optimal opportunities of using technology in the teaching the kazakh language.*